

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

"Диванға арналған шағын жастықшаның эскизін жасау, пішу". 5 сыныпЖАРИЯЛАНДЫ
29.03.2018СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/34458/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Шығыс Қазақстан облысы

Тарбағатай ауданы

Құмкөл ауылы

«

Сасан би атындағы орта мектеп» КММ

Құсайынова Анаргүл Абенқызы

– Балалар, айналамызда көңіл-күйі көтеріңкі, жақсы адамдардың болғанын бәріміз ұнатамыз. Ендеше қол ұстасып, бір-бірімізге жақсы көңіл-күй мен саулық тілейік.

Кел, балалар, күлейік!

Күлкіменен түлейік!

Күлкі- көңіл ажары !

Күліп өмір сүрейік!

Сабақ тақырыбы: Диванға арналған шағын жастықшаның эскизін жасау, пішу. с/ж
Сабақтың мақсаты: Оқушыларға әр түрлі диванға арналған шағын жастықшалар жасап үйрету, тігу шеберлігін арттырып, білімін жүйелеу.

а) *Білімділік*: оқушылардың диван жастықшаларын тігу туралы білімін арттыру, түстік шешімін тауып, күнделікті тұрмысқа қажетті сұраныс туғызатын, қазіргі заман талабына сай қолөнер бұйымын жасап шығару.

ә) *Дамытушылық*: өз бетінше жұмыс істеудегі шығармашылық қабілетін қалыптастыру, әсемдік пен сұлулықты бағалай білуге үйрету.

б) *Тәрбиелік*: қолөнерге деген қызығушылығын арттыру, ептілікке, еңбексүйгіштікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу.

Сабақтың типі: Жаңа сабақты меңгерту

Сабақтың түрі: сарамандық, топтық.

Сабақтың әдісі: сұрақ-жауап, түсіндіру, жасап көрсету, өз бетімен жұмыс жүргізу.

Пәнаралықбайланыс: математика, сызу, бейнелеу, әдебиет.

Сабақтыңкөрнекілігі: дайынбұйымдар, ою-өрнектүрлері, карточка, суреттер, слайд.

Қажеттіқұрал — жабдықтар: ине, жіп, қайшы, мата (велюр).

Сабақтыңбарысы:

1. Ұйымдастырукезеңі.

1. Оқушыларменамандасу, түгендеу

2. Оқушыларментанысужәнесабаққазейінінаударумақсатындапсихологиялықдайындық минуты өткізіледі. «Жүректенжүрекке» бір-бірінеатынатап, жылылебіздерінбілдіреді.(Мұғалімбастайды: оқушылар, біздіңәрбірсабағымызсіздердіңжандүниелеріңізгекішкененболса да жылулықұялатып, ізгіліккеқарайбастауынатілектеспін)

Үйтапсырмасынтексеру. «Сұрақ» стратегиясы

1. Құрақдегеніміз не?
2. Құраққұраудағықойылатынталаптар?
3. Құрақтыңтиімділігі?

С

Сұрақтарыныңжауаптары:

1. Құрақ-мата қалдықтарынанжасалатынүйбұйымдарыныңбірі

2. Құраққұраукезіндеқойылатынталап-ол мата бөлшектерініңсимметриялыболуы, матаныңтүсүйлесімділігіжәнематаныңарқаужәненегізгіжіптерінескеруімізкерек. Құраққапайдаланатынматаныңтүсі 3-5 түрліболуыкерекжәне мата жұқақалыңдығына қарай іріктелініп алынады
3. Мата қиындыларын кәдегежарату

II. Қызығушылығынояту. Ойқозғау. Адамныңөмірденсөзқұрау.

ТЕКСЕ, ЮАОРЛ, РАҚҰҚ, РКӨЕН, СЫЖАТҚ

КЕСТЕ, ОЮЛАР, ҚҰРАҚ, ӨРНЕК, ЖАСТЫҚ (жеке-жеке айтылады) дегенде көзалдарына не келеді? (Оқушылардың жауаптары тыңдалады)

III. Мағынаны тану кезеңі.

Оқушылар біз бүгін диван жастықшаларын жасауды үйренеміз. Жастықшалар кестелеу, жапсырмалау, аппликация, лентадан өрнектеу, іліптігуарқылы сәндеп жасауға болады.

ББҮ стратегиясы

Білемін	Білгім келеді	Үйрендім

Енді сіздер диван жастықшалары туралы не білгілеріңіз келеді, соны екінші бағанға жазыңыздар (оқушылар жазғандары ноқиды)

Слайдтан диван жастықшаларының түрлерін көрсету, олардың қалай жасалғандығы туралы түсіндіру.

Бүгін, біз «Диван жастықшасын» дайындап үйренеміз. Жұмысымызды бастама сұрынекі топқа бөлінеміз.

(жастықшаның екі түрінің суреті арқылы бөлу)

1-топ:

2-топ:

Бағалау парағы беріледі.

Сарамандық жұмыс.

1. Алғашқы нұсқау. Сіздерге жұмыс жасау үшін не қажет?

1-топ.

2-топ

— мата (3 түс)

— мата (қызыл, сары, жасыл)

— жіп

— жіп

-мақта

-мақта

Диван жастықшасын жасау үшін біз қандай құралдарды қолданамыз? (оқушылардың жауаптары тыңдалады, күтілетін жауап: ине, қайшы, түйреуіш, үтік) Ендеше ине мен, қайшы мен, үтік пен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік ережелерді қайталайық:

Қайшымен жұмыс кезінде сақталатын қауіпсіздік ережелері

1. Қайшыны арнаулық обдишадасақтау керек.
2. Қайшыны жолдасына үшкір ұшымен берме.
3. Қайшыны ашық қалдыруға болмайды.
4. Жолдасың қайшымен жұмыс істеп жатқан кезде, бөгет жасауға, көңілін бөлуге болмайды.

Қолине, түйреуішпен жұмыс кезінде:

1. Инені арнаулық обдишадасақтау керек.
2. Инені киімге қыстыруға болмайды.
3. Тігіс кезінде ине жібіңтіспен үзуге болмайды.
4. Инемен жұмыс кезінде оймақкиген дұрыс.
5. Инені тістеп отыруға болмайды.

Жұмысшығыны несептеу:**1-топ:**

Алынатын зат	Өлшемі	Бағасы
Мата	1. 3 x 20 см	300 тг
Жіп	1.	50 тг
Мақта	1 кг	150 тг
	ЖАЛПЫ БАҒАСЫ:	500 тг + ЕҢБЕК

2-топ:

Алынатын зат	Өлшемі	Бағасы
Мата	Қызыл-1 м Жасыл-10 см Сары- 10 см	400 тг 40 тг 40 тг
Жіп	1.	50 тг
Мақта	1 кг	150 тг
	ЖАЛПЫ БАҒАСЫ:	680 тг + ЕҢБЕК

Жұмыс киімін кию.

II. Ағымдағы нұсқау. Әр топ парталарындағы диван жастықшаларының жасалусызбасына қарап жастықшатиғу.

1. Үлгі бойынша піші

2. Тігістіккешетінен 1 см-дей мата қалдыру
3. Бөлшектерді тексеріп, қию
4. Әрбөлшекті сәйкестіріп, құрастырыптігу (көктеуігісі)(жұмыс жасау барысында ақырын музыка ойнап тұрады)

III. Қорытынды нұсқау. Жұмыстарың талқылау, ақауларын түзету.

IV. Ойтолғаныс кезеңі. Үшінші бағанды толтыру, оқу

Білемін	Білгім келеді	Үйрендім

Үйгетапсырма: Жұмысты аяқтау. Екі топ жасаған диван жастықшаларын бағалау (шығын + еңбекқұны) және жарнама дайындап келу.

Бағалау. Жасаған жұмыстарының нәтижесіне қарай, сабаққа қатысу белсенділігіне қарай бағалау (әр топтың басшысы оқушылардың бағалары айтылады, журналға қойылады)

Бағалау парағы.

Жұмыс орнын жинақтау.

“Кел, жасдарын, істі баста!

Жаз, оқы, сөйле, тыңда!

Айт, зертте, тексер, сұра!

Егер бәрін үйренсең,

Көп ұтасың сен ертең!”

деп сабағымызды аяқтаймын және шығармашылықпен жұмыс жасауға тілек білдіремін.

САБАҚ: 25		
Күні	Мұғалімнің аты-жөні: Құсайынова Анар Әбенқызы	
Сынып: 5	Қатысқан саны:	Қатыспағандар:
Сабақтың тақырыбы	Бұйым дайындау. Бұйымды безендіру	

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	5.2.3.1 — түрлі материалдардан (тоқыма, табиғи және жасанды) қарапайым бұйым орындау 5.2.3.2 — шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар дайындау 5.2.3.3 — қауіпсіздік техникасын қадағалап, оның маңыздылығын сезіне және демонстрациялай отырып, материалдар мен құралдарды қолдану	
Сабақтың мақсаты	Халықтың қолөнерінің бірі кестелеу, көркем тігістері, қолөнері туралы ұғымды қалыптастыру, білімдерін кеңейту.	
Жетістік критерийлері	Оқушылар орындай алады: ·Талшықтар мен материалдардың классификациясын, материалдардың құрамын, қарапайым түрлендіруді сипаттай біледі.	
Тілдік мақсаттар	Оқушылар: ·материалдармен талшықтардың жіктелуін сипаттайды	
Құндылықтарды дарыту	<input type="checkbox"/> Басқалардың ойымен пікірін құрметтеу. <input type="checkbox"/> Оқушылар арасында жақсы қарым-қатнас орнату. <input type="checkbox"/> Оқушылар бір-бірін тыңдай біліп, басқалардың жұмыстарына құрметпен қарап, ойын жеткізе білу. <input type="checkbox"/> Оқушыларға мәдени және эстетикалық тәрбиені қалыптастыру.	
Пәнаралық байланыстар	зерттеу барысында теориялық білімдерін дүниетану, математика пәндерімен және өнермен байланыстыру.	
АКТ қолдану дағдылары	Оқушылардың жеке ізденіс жұмыстар жүргізу дағдысын дамыту. Дәлелдемелер мен дәйектемелер келтіруде нақты мәліметтерді салыстыра білу.	
Бастапқы білім	Еске түсіру, қайталау. Пәнге қатысты лексика мен терминология Өткен тапсырмаларды еске түсіру.	
Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар

<p>Сабақтың басы 1 кезең</p>	<p>Шаттық шеңбер өткізу – Балалар, айналамызда көңіл-күйі көтеріңкі, жақсы адамдардың болғанын бәріміз ұнатамыз. Ендеше қол ұстасып, бір-бірімізге жақсы көңіл-күй мен саулық тілейік. Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі- көңіл ажары ! Күліп өмір сүрейік!</p> <p>Топқа бөлу шар түрлерімен</p> <p>Бұйымдайындау. Бұйымдыбезендіру. Бейне көрсетілім көрсету Қағазды бүктеу арқылы жасайтын бұйымдарды оригами деп атайды. Бұл өнердің өзіндік тарихы бар. Қағаздың өзі Қытай елінде пайда болған, ал Жапонияда одан әр түрлі пішіндерді бүктеп шығаруды ойлап тапқан. Алғашқы оригами әдісімен жапондық діни салттард қорапша жасалып, оның ішіне садақаға берілген кішкене нан, балық, шашылмай жинақы болу үшін пайдаланған. Содан кейін бас ақсүйектердің ойлап тапқанындай, яғни қазіргі кезде бір – бірімізге тілек жазу үшін ашық хаттар жазамыз. Ал сол кездері ашық хат жазғанда олар көбелек, құстар гүл немесе абстракттілі геометриялық пішіндермен бүктеліп қағаз ішіне жазып жүрген. Уақыт өте келе XX ғасырда оригами туралы бүкіл әлем білетін болды. Кейбір шеберлер бір қағаздан бірнеше әр түрлі пішіндерді жасай алады. Қағазды қолөнердің көбінде пайдалануға болады. Оригамида қағазды тек бүктейді. Бұйымның дұрыс әдемі шығуы қағаздың дұрыс бүктелгеніне байланысты. Оқушылар технологиялық реттілікпен гүл жасайды Бұйымды соңғы өңдеу және әрлеу материалымен сәндеу жұмыстың қорытынды кезеңінде орындалады.</p>	
<p>Сабақтың ортасы 2 кезең</p>	<p>Технологиялық операцияны орындау сапасын, жұмыс барысында технологиялық және еңбек тәртібі мен еңбек мәдениетін, қауіпсіздік ережесін сақтау бойынша ағымдық бақылауды өздігімен жүргізеді; бұйым конструкциясына және оны дайындауға қажеттілігіне қарай өзгеріс енгізеді. Дайындау сапасын бағалау, жұмысының дұрыстығы мен нәтижесін анықтау, өз жұмысын бақылай білу. Сарамандық жұмыс барысында мұғалім жұмыстың орындалуын және қауіпсіздік техникасы ережесінің сақталуын бақылайды.</p>	
<p>Сабақтың соңы</p>	<p>Қорытынды жасау үшін оқушылардың жұмыстарын әрқайсысына төмендегі сұрақтар арқылы бағалау.</p>	
<p>Сабақтың соңы 2-мин кері байланыс</p>	<p><i>Сабақ соңында оқушылар рефлексия жүргізеді:</i> — <i>нені білдім, нені үйрендім</i> — <i>нені толық түсінбедім</i> — <i>немен жұмысты жалғастыру қажет</i></p>	

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.